# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2023 жылғы 29 мамыр №4360-23-00-2/794 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
А. Абдраимованың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
жеке кәсіпкер «РАМАЗАН» - Ұлзира Мұхтарқызы Тағаева

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
прокурор Л. Сырбайқызы
талап қоюшының өкілі Н. Әбдухайыр

**<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>**

2023 жылғы 15 наурызда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №123-2023 тауарларды мемлекеттік сатып алу шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасып, Шарттың 1, 2-қосымшаларына сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 180 000 теңгеге 40 дана «жарықдиодты шам» тауарын Шарт аумақтық қазынашылық органында тіркелгеннен кейін (20 наурыз 2023 жылы-тіркелген күні) 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 5 сәуір қоса алғанда жеткізуге міндеттенген.

Жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамаған. Шарт 2023 жылы 21 сәуірде бұзылды.

Талап қоюшы жауапкерді шарттық міндеттемесін орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және мемлекеттік пайдасына 2 880 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер сотқа талап қоюына пікір ұсынбаған.

Жауапкер сот отырыстың өткізілетін орны мен уақыты туралы тиісінше хабарланған, алайда сот отырысына келген жоқ. Қазақстан Республикасы

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 196-бабының 4,6-тармақтарын басшылыққа ала отырып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

Сотта талап қоюшының өкілі талап қоюда көрсетілген уәждерін қуаттап, талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады, жауапкер тауарларды мүлдем алып келмегенін көрсетті.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

**УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

1 талап қою бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 458-бабына сәйкес кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғандай, жауапкер бүгінгі күнге дейін талап қоюшыға тауарды жеткізбеген.

Сот, жауапкердің шарттық міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп есептейді.

Талап қоюшы талап қоюымен сотқа 2023 жылдың 21 сәуірде заң талаптарына сәйкес жүгінген.

2 талап қою бойынша.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі-АК) 298-бабының талабына сай, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айыбы өндіріп алынады.

Шарттың 7-бөлігінің 7.3-тармағына сәйкес жауапкерден тауарды жеткізу мерзімі өткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады).

Талап қоюшы жауапкерден 16 күнге (2023 жылғы 6 сәуір мен 21 сәуір аралығына) 2 880 (180 000*0,1%*16 күн) теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 05.06.2023
Заңды күшіне енген күні: 10.07.2023, судья Елшібеков Б. Е., 10.07.2023
4360-23-3-1/897

Сот, талап қоюшының тұрақсыздық айыбын есебі дұрыс деп санайды.

Көрсетілгендерге байланысты, сот талап қоюшының 2 880 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

Сондықтан, көрсетілгендерге байланысты Шарттың 7.3-тармағына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 2 880 теңге тұрақсыздық айыбын және қанағаттандырылған бөлігінен 3% АПК-нің 117-бабына сәйкес сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 811 (1 725+86) теңге өндірілуге жатады.

Жоғарыда анықталған жағдайларда талап қоюы толығымен қанағаттандырылуға жатады деп сот санайды.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «РАМАЗАН» - Ұлзира Мұхтарқызы Тағаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «РАМАЗАН» - Ұлзира Мұхтарқызы Тағаевадан жергілікті бюджет пайдасына 2 880 (екі мың сегіз жүз сексен) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «РАМАЗАН» - Ұлзира Мұхтарқызы Тағаевадан мемлекет пайдасына мемлекеттік баж сомасы 1 811 (бір мың сегіз жүз он бір) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **С. Умарсирикова**

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 05.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 10.07.2023, судья Елшібеков Б. Е., 10.07.2023